

дисциплины «Биоресурсы Казахстана: фауна» для ряда специальностей бакалавриата, магистратуры, докторантуры: «Охотоведение и звероводство», «Рыбное хозяйство и промышленное рыболовство», «Экология», «Туризм», «Ветеринарная медицина», «Ветеринарная санитария», «Биотехнология», «Технология производства продуктов животноводства», «Технология продовольственных продуктов», «Технология перерабатывающих производств», «Лесные ресурсы и лесоводство», «Водные ресурсы и водопользование». В университетской типографии выпущены под грифом МОН РК учебники на русском и английском языках, а в типографии Ассоциации высших учебных заведений Республики Казахстан издан аналогичный учебник на казахском языке, также под грифом МОН РК. В настоящее время из 41 имеющихся в университете специальностей в учебный план 14-ти специальностей входит предмет «Биология», который преподается, в основном, в форме повторения школьного материала. Предлагаемый учебник «Биоресурсы Казахстана: фауна» на трех языках придаст научный ракурс при изучении биоразнообразия животного мира в Казахстане, а также вписывается в требование МОН РК о переходе обучения на трехязычье.

Ключевые слова: учебный процесс, специальность, дисциплина, зоология, биология, биологические ресурсы земли, рыбные ресурсы, ресурсы земноводных, ресурсы пресмыкающихся, ресурсы птиц, ресурсы зверей, экономическое и практическое значение.

ӘОЖ 81367.625.4.111

Қыдырбай Қ.К., Қырықбаева Ж.Т.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ ИНФИНИТИВ ЖӘНЕ ИНФИНИТИВТІК ҚҰРЫЛЫМДАРДЫ
АУДАРУДЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ
(мал дәрігерлік терминологияны қолдану негізінде)

Аңдатпа

Мақалада ағылшын тіліндегі инфинитив және инфинитивтік құрылымдарды аударудың ерекшеліктері қарастырылған. Инфинитивтік құрылымдарды аудару барысындағы түрлі мысалдарда мал дәрігерлік терминдері қолданылады.

Кілт сөздер: грамматика, инфинитив, функция, құрылым, синтаксис, зат есім, бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, пысықтауыш.

Кіріспе

Ағылшын тілінде грамматикалық пішіндер мен синтаксистік құрылымдар саны айтарлықтай жеткілікті. Бұл жұмыстың негізгі объектісі - инфинитив және инфинитивтік құрылымдар (конструкциялар) болып табылады. Инфинитив грамматикалық құбылыс ретінде орыс тілінде де және ағылшын тілінде де кездеседі. Орыс тіліндегі инфинитивке қарағанда ағылшын тіліндегі инфинитив біршама күрделі болып табылатын және үш тұлғаға ие: жай (қарапайым), перфекттік және жалғастырылған, және біршама сан-алуан функцияларға болып келеді.

Жалпы инфинитивке анықтама беретін болсақ, тұйық рай немесе инфинитив (лат. *infinitivus* - анықталмаған форма) - флективті және агглютинативті тілдердегі етістіктің кимыл атауының формасы, тұйық рай етістік. Инфинитив етістік баяндауыш түрінде және сөйлемнің предикатив мағынасы есім тектес мүшелерін білдіруде қолданылады. Етістіктің басқа формаларынан ерекшелігі - инфинитивте шақ, рай, жак,

көпше, жекеше категориялардын морфологиялық көрсеткіштері болмайды. Осындай категориалдық қызметі аз болғандықтан, Инфинитив бірқатар тілдерде сөздік форма (сөздіктегі етістік лексемасы) ретінде жұмсалады.

Тарихи инфинитив үндіеуропа тілдерінде етістіктің парадигмалық тұлғасына айналған қимыл мәніндегі есімді білдіреді. Алтай, картвел, семит тілдерінде Инфинитив қимыл есімімен сәйкес келеді де, кейде етістік (шақ, етіс) категорияларын сақтай отырып, есімнің морфологиялық, синтаксистік белгілеріне ие болады.

Ал, кейбір тілдердің грамматикалық дәстүрі бойынша, инфинитивпен қимыл есімі бірге қаралады да, жалпы инфинитив деп аталады. Қызметі жағынан инфинитив латын, ескі славян тілдеріндегі супинге, ағылшын тіліндегі герундийге жақын. Қазақ тіліндегі қимыл есімі етістіктің түбіріне «у» формасының жалғануы арқылы жасалады. «У» тұлғалы қимыл есімі предикаттық мағынасын сақтай отырып, есімдерше түрленеді.

Зерттеу әдістері

Инфинитив – іс-әрекетті білдіретін, етістіктің жіктелмейтін түрі, не істеу? сұрағына жауап береді. Мысалы: жүру, бару, ойнау. Ағылшын тілінде инфинитив белгісі to шылауы, ол етістіктің алдында тұрады: to make – жасау, to see – көру. Инфинитивте етістіктің де, зат есімнің де сипаты бар, соған сәйкес сөйлемдегі қызметі анықталады. Инфинитивтің етістік ретінде әр шақ тобының инфинитиві бар. Ол дегеніміз, инфинитивтің өз шақ кестесі бар.

Алдымен, инфинитивті жалпылама қарастырып көрелік. Инфинитив етістік ретіндегі сөйлемдерде күрделі баяндауыштың құрамды бөлігі болады. Jack wants to become a journalist – Джек журналист болғысы келеді. He used to play tennis twice a week – Ол аптасына екі рет теннис ойнайтын. I would like to drink a glass of wine – Мен бір рюмка шырын ішкім келеді. He does not want to be criticized by his colleague – Ол әріптестерінің оны сынға алғанын қаламайды.

Инфинитив зат есім ретінде сөйлемде бастауыш, толықтауыш, пысықтауыш, анықтауыш қызметін атқара алады. Мысалы: 1. Бастауыш функциясындағы инфинитив: To smoke is bad for health – Темекі тарту денсаулыққа зиянды.

2. Толықтауыш функциясындағы инфинитив: He likes to swim – Ол суда жүзгенді жақсы көреді.

Кейбір етістіктерден кейін толықтауыш ретіндегі инфинитивтің орнына герундий қолданылуы мүмкін. Инфинитивті қолданып: I was afraid to miss the train немесе герундиймен: I was afraid of missing the train деп айтуға да болады – Мен поездан қалып қалам ба деп қорықтым.

3. Анықтауыш функциясындағы инфинитив: Here is the letter to be mailed as soon as possible – Бұл мүмкіндігінше тезірек жіберілуі керек хат.

4. Пысықтауыш функциясындағы инфинитив: He is too nervous to drive a car – Ол машина жүргізуге өте ашулы.

«То» шылауынсыз қолданылатын инфинитив:

1. Модальды етістіктермен: You can get this magazine at the library – Сіз бұл журналды кітапханадан ала аласыз. I must go home now – Мен енді үйге баруым керек.

2. To let етістігімен (мүмкіндік беру): Let me say a few words – Маған бірнеше сөз айтуға мүмкіндік беріңіз.

3. To see, to hear, to watch, to feel етістіктерімен: No one heard him leave the house – Ешкім оның қалай үйден шыққанын естімеді. I watched the boys play football – Мен ер балалардың қалай футбол ойнағандарын бақыладым.

4. To make етістігімен (мәжбүр ету мағынасында): He make us wait three hours – Ол бізді үш сағат тосуға мәжбүр етті.

5. Had better конструкциясынан кейін (керек еді): You had better call the doctor – Сізге дәрігер шақыру керек еді.

6. To help етістігінен кейін: She helped me pack my clothes – Ол маған киімдерімді жинауға көмектесті.

Өзінен кейін инфинитив немесе герундий қолданылатын етістіктер: to be afraid (қорқу), to begin (бастау), to start (бастау), to continue (жалғастыру), to forget (ұмыту), to hate (жек көру), to intend (ниеттену), to like (ұнату), to love (сүю), to prefer (қалау).

Сонымен қатар өзінен кейін тек қана инфинитивті қажет ететін етістіктер де бар. Оларды да есте сайтау керек: agree (келісу), choose (таңдау), dare (батылы бару), decide (шешім қабылдау), expect (күту), hope (үміттену), learn (оқу, үйрену), manage (басқару) need (қажет ету), offer (ұсыну), promise (уәде беру), refuse (бас тарту), seem (көріну, танылу), want (тілеу, қалау), would like (қалар едім).

Инфинитивті құрылымдарды мал дәрігерлік терминдерді қолдану аясында қарастырып көрейік. Инфинитив сөйлемде бастауыштың қызметін атқара алады, мысалы: To vaccinate your old pet or not is the owner's choice – Байырғы асырап алған итіне вакцина еге ме, жоқ па – бұл иесінің өзінің таңдауы. Ережеге сай, мұндай жағдайда белгілі бір тұлғаға немесе затқа қатысы жоқ әрекетті білдіреді. Ол түсіндіру сөздеріне ие болуы мүмкін және бұл жағдайда баяндауыштан кейін тұрады. Баяндауыштың алдына it есімдігі қойылады, мысалы: It is helpful to categorize veterinary services into clinical veterinary services and public-sector veterinary services - Мал дәрігерлік қызметтерді санаттар бойынша клиникалық мал дәрігерлік және қоғамдық мал дәрігерлік қызмет деп бөлу маңызды.

Инфинитив баяндауыштың атаулы бөлігі және баяндауыштың құрамдас бөлігі ретінде қолданылады. Мысалы: The only possibility is to carry out a cursory examination of the mouth (баяндауыштың атаулы бөлігі) - Жалғыз мүмкіндік - бұл ауыз қуысына жалпы тексеруді жүргізу. Бұл сөйлемде инфинитивті зат есім етіп те, инфинитив етіп те аударуға болады. Жалғыз мүмкіндік – бұл ауыздың қуысына жалпы тексеру жүргізу. Аударма нұсқалары сөйлемнің мағынасына әсер етпейді.

Баяндауыштың құрамдас бөлігі ретінде инфинитив модальды етістіктермен бірге қолданыла алады. Мысалы: The patient then can be intubated with an appropriately sized endotracheal tube – Содан кейін науқасты сәйкесінше мөлшердегі түтікше (эндотрахеальды) арқылы интубациялауға болады.

Сөйлемде басқа да көптеген етістікті тіркестермен келетін инфинитив тікелей өз мағынасын бере бермейтін басқа да тіркестермен келеді (орыс тіліндегі сияқты). Мысалы: The Koehler method continues to be taught in both class and private training formats – Кохер әдісін әрі топтық, әрі жеке жаттығулар форматында пайдалану жалғасуда.

Сын есімді тіркеспен бірге келуі: We are happy to offer you a new kind of pet food – Біз сізге жаңа ит тағамының қоректік түрін ұсынғанымызға қауныштымыз.

Бұл жағдайлар аударма көзқарасы тұрғысынан ең қарапайым болып табылады, аударма жасау кезінде зат есім мен етістіктің белгісіз тұлғасы арасында таңдау жүзеге асырылды [1].

Инфинитивті анықтауыш ретінде қолданған жағдайда оның аудармасы бір мағыналы болмайды және контекстке тәуелді болады. Мұндай инфинитив орыс тіліне міндеттілікті білдіретін етістікпен, ал кейде келер шақтағы етістікпен анықтауыш бағыныңқы сөйлем болып аударылады:

While short-term strategies to deal with an outbreak focus on limiting travel and culling migrating birds and vaccinating poultry, long-term strategies require substantial changes - Ауру таралған кезде қолдануға тиіс (болатын) қысқа мерзімдік стратегиялар қозғалысты шектеуге, қоныс аударушы құстарды брактауға және үй құстарына вакцина егуге жұмылдырылса, ұзақ мерзімдік стратегиялар негіздемелі өзгерістерді қажет етеді.

Егер инфинитив анықтауыш функциясында the first, the second, the last, etc. сөздерінен кейін кездесе екі түрлі мәнге ие болуы мүмкін: әрекет (тиісті уақытта) немесе міндеттілік. Таңдау контекст негіздемесінде жүргізіледі, ал инфинитив орыс тіліне жақтық тұлғадағы етістік болып, не модальды етістік арқылы аударылады. Мысалы: For inspecting the mode of lameness, the attitude of the legs is the first to examine – Ақсақтық түрін анықтау үшін алдымен аяқтың жағдайы зерттеледі.

Көбінесе сөйлемде инфинитив мақсат және себеп-салдарды пысықтауыш болып келеді, мысалы: The nitrogen tanks must also be properly maintained to insure the vaccines stay at a constant temperature – Азотты резервуарлар тұрақты температурада вакциналардың тұруын қамтамасыз ету үшін, тиісті жағдайда ұсталуға тиіс.

Зерттеу нәтижелері және оларды талдау

Аударма үшін ең күрделісі бір сөйлемде түрлі функцияларда бірнеше инфинитивтің қолданылуы. Сөйлемдерде қарастырайық: In this case, there may be not enough time in the day for the animal to eat enough to satisfy its nutrient demands. Бұл сөйлемде to eat инфинитиві тура толықтауыш функциясында қолданылған, ал enough сөзінен кейін тұрған to satisfy инфинитиві себеп-салдарлы пысықтауыш болып табылады. Алайда, сөйлемнің бұлай сөзбе-сөз аударылуы орыс тілінде онша жақсы естілмейді. Сондықтан да, орыс тіліндегі сөйлемнің лексика-грамматикалық құрылымының ерекшеліктерін назарға ала отырып, мынадай аударманы ұсынуға болады: Мұндай жағдайда жануарға жеткілікті тағам ішу үшін өзінің азықтық қажеттіліктерін қанағаттандыруда оған бір күндік уақыт жетпеуі мүмкін.

Толықтауыштан кейін for көмекші сөзімен бірге тұрған инфинитив түрлі сөйлем мүшелері функциясын атқарады. Ғылыми әдеби тілде көбінесе мақсат немесе себеп-салдарлы пысықтауыш функциясын атқарады.

Орамды аудару оның қызметіне байланысты болады, (бұл ретте «for» көмекші сөзі түсіп қалады), ал орамның өзі осы орам орындайтын функцияға сәйкес инфинитив арқылы немесе бағыныңқы сөйлем болып аударылады. Ағылшын тіліндегі сөйлемде инфинитив

жақтық тұлғадағы етістікке сәйкес келеді, яғни орыс тіліндегі аудармада баяндауыш функциясында, ал инфинитив алдында тұрған зат есім – бастауыш болады: The first step for the practitioner to do is to interview the owner to obtain a record of the history of the animal's disease – Біріншіден дәрігер ауру тарихына жазба жасау үшін, жануардың иесінен сұрау керек.

Жалпы септікте зат есімнен кейін немесе объектілік септікте есімдіктен кейін тұрған және алдындағы етістікке күрделі толықтауыштың бір бөлігі болып табылатын инфинитив «инфинитиві бар объектілік септік» деп аталатын құрылымды (конструкцияны) құрайды. Мұндай жағдайда инфинитив инфинитивті жалғаулықтарымен немесе толықтауышты бағыныңқы сөйлем арқылы аударылуы мүмкін. Мысалы, All pet owners want their animals to be healthy – Барлық үй жануарлары иелері асырандыларының дені сау болғанын қалайды.

«Инфинитивті атау септік» инфинитивтік орамы аударма үшін ең күрделі жағдайлардың бірі болып табылады. Инфинитив бұл жерде баяндауыштың құрамдас бөлігінің екінші мүшесі болып және етістіктің жақтық тұлғасынан кейін – баяндауыштың бірінші мүшесінен кейін тұрады [2].

Инфинитивтер етістіктерден кейін қолданылған кезде, етістіктер бұл орамда ырықсыз етісте және негізгі етісте қолданылатын етістіктер болып бөлінеді. Сонымен қатар, бұл орамда инфинитив мына сөз тіркесінен кейін тұруы мүмкін: be likely – ықтимал, мүмкін, be unlikely, be not likely – мүмкін, екіталай, be sure, be certain – сөзсіз, әрине.

«Инфинитивті атау септік» орамын аударудың екі тәсілі болады:

1) Орамның бірінші мүшесі (жақтық тұлғадағы етістік) бастауыш алдына қойылады және белгісіз-жақтық тұлғадағы етістік болып аударылады. Сөйлемнің қалған бөлігі не немесе үшін жалғаулығы бар толықтауыш бағыныңқы сөйлем болып беріледі. Бағыныңқы сөйлемнің бастауышы аударған кезде ағылшын тіліндегі бастауыш болады, ал инфинитив – оның баяндауышы.

2) Ағылшын тілінде сөйлем мүшелерінің орын тәртібі сақталады. Инфинитив баяндауыш болып аударылады, ал жақтық тұлғадағы етістік қалай жалғаулығы арқылы, қыстырма сөз немесе орамы бар қыстырма сөйлем болып беріледі. Мысалы: Restricting food, energy, protein, fat, and vitamin intake appears to prolong life in some cases. – Кей жағдайларда тағам, ақуыз, майлар мен дәрумендерді қабылдаған кездегі шектеулер өмірді ұзартады екен [3].

Қорытынды

Қорытындылай келе, бұл мақалада зерттеу объектісі ретінде қарастырылған инфинитивті және инфинитивтік құрылымдарды (конструкцияларды) аудару міндетінің айтарлықтай күрделі болып табылатынын және тіпті белгілі бір заңдылықтар мен қағидалар бар болса да, тілдік тұлғалардың барлық жүйесіне үлкен назар аударудың маңыздылығы ерекше. Бұл екі тілдің грамматикалық жүйесіндегі сәйкессіздіктің орнын толтыруға және сөйлемнің мағыналық мәнін біршама дұрыс беруге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Рецкер Я.И. Теория перевода и переводческая практика. М., 2007.
2. Жұмабекова А.Қ. Аударматанудың негіздері: Оқу-әдістемелік құрал. - Алматы, 2012. - 296 б.
3. Виноградов В.С. Введение в переводоведение – М., 2001

Кыдырбай К.К., Кырыкбаева Ж.Т.

ОСОБЕННОСТИ ПЕРЕВОДА ИНФИНИТИВА И ИНФИНИТИВНЫХ КОНСТРУКЦИИ (на основе использования ветеринарной терминологии)

Аннотация

В данной статье рассматриваются особенности перевода инфинитива и инфинитивные конструкции. Ветеринарные термины использовались в различных примерах при переводе инфинитивных структур.

Ключевые слова: грамматика, инфинитив, функция, конструкция, синтаксис, существительное, подлежащее, сказуемое, определение, обстоятельство.

Kydyrbay K., Kyrkybayeva Zh.

PECULIARITIES OF TRANSLATION OF THE INFINITIVE AND INFINITIVE CONSTRUCTIONS IN ENGLISH LANGUAGE (on the basis of using veterinarian terminology)

Annotation

In this article the features of the infinitive translation and infinitive constructions are considered. Veterinary terms have been used in various examples in the translation of infinitive construction.

Key words: grammar, infinitive, function, construction, syntax, verb, noun, subject, predicate, attribute, adverbial modifier.